

«БЕКІТІЛДІ»
М.Х. Дулати атындағы
Тараз университетінің
Басқарма Кеңесі-Ректорының у.м.а.
С. Орынбаев
01 / 2026 ж.

**М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
«Маркетинг және кәсіптік бағдарлау» басқармасы және «Дулатитану»
ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен онлайн форматта
өтетін
«Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің тәлім-тәрбиелік маңызы» атты
эссе байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы Ереже аудандық, Тараз қалалық мектептердің 11-12 сынып білім алушылары арасында Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы, еңбектеріне арналған «Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің тәлім-тәрбиелік маңызы» атты эссе байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оған қатысу шарттарын айқындайды;
- 1.2 Байқауды ұйымдастырушылар «Маркетинг және кәсіптік бағдарлау» басқармасы және «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы.

2. КОНКУРС МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1 М.Х. Дулати шығармаларындағы адамның рухани болмысы және оның философиялық мәнін ұғынуға үйрету;
- 2.2 Жастардың бойында патриоттық сананы, М.Х.Дулати мұраларының ел тарихына қатыстылығын түйсіндіре отырып тәрбиелеу;
- 2.3 Мектеп оқушыларын белсенді шығармашылық қызметке тарту.
- 2.4 Оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту;

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 3.1 Жамбыл облысы аудандары мен Тараз қаласы мектептерінің 11-12 сынып оқушылары.

4. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 4.1 Байқау қатысушылары өзі және жетекшісі жайлы жазылған мәліметті Ережедегі кесте үлгісі бойынша толтырып, эссемен бірге **2026 жылдың 15 қаңтарынан бастап ақпан айының 13-не дейін essedulaty2024@mail.ru**

электронды поштасына жіберуі тиіс. Байқауға жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде жіберілуі керек.

4.2 Жіберілген жұмыстар 2026 жылдың ақпан айының аяғына дейін антиплагиатқа тексерілетін болады.

5. ЭССЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Байқауға ұсынылған жұмыстар мазмұны мен ресімделуіне қойылатын келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- конкурс тақырыбына сәйкестігі;
- автордың жеке ұстанымы, өзіндік ерекшелігі және тақырыптың мәнін аша алу қабілеті;
- автордың өз пікірін негіздей алуы .

5.2 Эссені рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторымен терілуі керек және WORD редакторында «Times New Roman» 14 шрифт, жоларалық-1.5, сол жақтан 2 см жол. Эссе көлемі кемі 2 беттен көп, 5 беттен аспауы тиіс. PDF форматтағы жұмыстар қабылданбайды.

6. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1 Ең үздік эссені іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

- ой тұжырымының нақтылығы;
- тақырыптың ашылуы және эссенің мазмұнын анықтайтын ойдың тереңдігі ;
- жазба тілінің сапасы;
- зерттеу дәлелдерінің нақтылығы мен дербестігі;
- жазу сауаттылығы (орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық).
 - мәтіннің берілген тақырыпқа сай болуы;
 - мәтінде көрсетілген қандай да бір фактілердің дұрыстығы;
 - авторлық шынайы көзқарас;
 - мәтінді құрау тәртібі (стильдік бірізділік, сөз көркемдігі және сөз қорының молдығы және т.б.)

7. КОНКУРС ШАРТТАРЫ

7.1 Конкурсқа қатысу осы Ереженің талаптарымен толық келісуді білдіреді;

7.2 Қатысушылар осы Ереженің талаптарымен танысуға міндетті;

7.3 Конкурс комиссиясы талаптарға сай келмейтін жұмысты қабылдаудан бас тартуға құқылы.

8. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

8.1 Қорытындыны конкурстық комиссия шығарады, ол 3 жүлделі I, II, III орынды анықтайды;

8.2 Байқау жеңімпаздары дипломдармен, бағалы сыйлықтармен - I орын – 1 оқушы; 2 орын – 1 оқушы; 3 орын – 1 оқушы; марапатталады, сонымен қатар жеңімпаз оқушылардың жетекшілеріне Алғыс хаттар беріледі.

Жоба туралы қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы ала аласыздар: WhatsApp: 8 776 643 90 90.

«Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің тәлім-тәрбиелік маңызы» атты
эссе байқауына қатысуға
ӨТІНІМ

№	Қатысушының аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні, телефоны	Оқушының байланыс телефоны
1					
2					

